




**Егемен Қазақстан**

## Густав картасындағы қазақ жері

Соңғы жылдары, әсіресе пандемиялық ахуал кезінде шетелдік, соның ішінде еуропалық ғылыми-зерттеу орталықтары мен танымал университеттер архивінде және дәстүрлі музей-кітапхана мекемелері қорында сақталған азиялық мұраларды жеке википедиясы (Johan Gustaf Renats kartor) немесе энциклопедиялық (Renat map) тегін мәліметтері арқылы көпшілікке ұсынуда. Соның бірі – швед офицері һәм картограф Йохан Густаф Ренат (1682-1744) жасаған карталар. Бұл сұзбаларда қазіргі қазақ даласының шығыс бөлігі қағаз бетіне түсіріліпті.



Осы орайда Й.Г.Ренат кім дегенге тоқталсақ, академик – жазушы Сәбит Мұқановтың 2005 жылы Алматы қаласында жарық көрген «Халық мұрасы» атты еңбегінің 238-бетінде: «Швед офицері Йохан Густаф Ренат 1709 жылы Полтава соғысында Ресейде тұтқынға түсіп, Тобылға жер аударылады. Бухгольц экспедициясы құрамында Ертіс бойын өрлеп келіп, Ямышев көлінде ойрат шерігі мен орыс солдаттарының қақтығысы кезінде жонғарлар қолына түседі. Сөйтіп, ойрат шерігіне темір қорытып, зенбірек құюды, оқдәрі жасауды үйретеді. «Ақтабан шұбырынды» кезінде ойраттар осы от қаруды қазақтарға қарсы қолданды», дейді.

Сәбен дерегін әрі қарай індeter болсақ, бұл уақытта қазақ қайраткері Телжан Шонанов айтқандай, ресейлік ақ патша қазақ жеріне жерік болып, аңсары ауып, сілекейі шұбырып тұрған кез. Осы орайда, қазақ даласын барлау үшін экспедиция аттандыру жайлы 1714 жылы I Петр патшаның атына Сібір губернаторы Матвей Гагариннен хат келіп түседі. Онда қазақ даласын барлау, игеруді Ертіс дариясы арқылы іске асыруға болатыны айтылған. Осы хатқа I Петр патша: «Ертісті өрлей жүзетін экспедиция жасақталсын, Ямышев көлі жанынан бекініс салынсын!», деп қол қояды. Аталмыш тапсырманы орындау үшін ресейлік үкімет Бухгольц экспедициясын жасақтайды. 1714 жылы маусымда жолға шықкан 4 мың адамдық экспедиция Ертісті бойлай жүзіп, қазақ даласына дендеп енген соң, Ямышевск (қазіргі Павлодар облысы Аққулы ауданы жерінде) бекінісін салды.

Одан әрі жылжуға Жоңғар шеріктегі қарсылық көрсетіп, ерік бермейді. Ойрат билеушісі Цевен Рабдан өзінің немере інісі Церен Дондукты жасағымен жіберіп, орыстарды бекіністен қуып тастайды. Осы қақтығыс кезінде швед артиллеријасының сержантты, еврей тұқымдас Йохан Густав Ренат ойраттар қолына түседі.

Атақты жырау Қожаберген: «Жоңғарлар қорғасыннан оқ боратқанда, найза ұстап, садақ асып қарсы шықтық...» дегеніндей, Ренаттың тікелей басқаруымен ойрат жерінде артиллеријалық, қару-жарақ, кен өндіріс зауыты орнап, қазақтармен соғыста Жоңғар хандығының әскери қуаты артты. Ойрат ордасына барып Ренатпен кездескен Ресей елшісі Л.Угрюмов өзінің құпия баянхатында: «Швед офицері Ринат 1729 жылы ойраттарға 4 фунттық 15 зеңбірек, кіші калибрлі 5 зеңбірек, 10 фунттық қысқа стволды 20 жаңа зеңбірек жасап беріп, оларға қалай қолдануды үйретті», депті.

Осы бір еңбегі үшін Ренатқа 1734 жылы Қалдан Серен хан басына бостандық сыйлайды. 1734 жылы швед барлаушысы Алтан, Жаманкіс, Сара есімді қалмақ құндерін ертіп Стокгольмдағы Ескі қаладан үй сатып алады. Әскери қызметті 1739 жылы капитан шенімен аяқтаған.

\* \* \*

Швед офицері Ренат тұтқында жүріп қазақ даласын және ойрат жерін картага сызып, екі үлкен құжат ала шығады. Бұл карта кейін Еуропа үшін өте құнды бұйым саналады. Себебі аталмыш картада 732 өзен-көл, тағы басқа маңызды елді мекен атаулары сзызылған. Й.Р.Густав – Шығыс Қазақстан және Жоңғария картасын тәптіштеп жасаған алғашқы европалық.

Ренат жасаған карта көпке дейін беймәлім болып келді. Корольдік кітапханада жұмыс жасаған Ю.Стриндберг 1878 жылы осы карталардың көшірмесін тауып алғып, Я.Грота арқылы ИРГО-ға жібереді. Оны 1881 жылы А.Макшеев жариялады. Оншақты жылдан кейін карталардың түпнұсқасы Упсала университетінен табылады. Дәл қазір де осында сақтаулы тұр.

Ал мұнда біз ұсынып отырған үлкен сыйбада (1-карта) Балқаш көлінің батыс аумағы және Сарысу, Іле өзендерінің аңғары, Ертіс дариясы толығымен һәм Алакөл ойпаты түсірілген. Мұндағы жер-су атаулары жайлы орыс

зерттеушілері В.Б.Бородаев пен А.В.Контевтың «Шведксий артиллерист Й.Г.Ренат и его ойратские карты» атты еңбегінен оқып, танысуға болады.

Екінші сызбада (2-карта) Ертіс дариясының қос аңғары толық бейнеленген екен. Яғни дарияға екі жақтан құйып жатқан өзен-сулар атауын сандық ретпен белгілегені байқалады. Маман картографтар мәліметіне жүгінсек, Ертістің оң қапталына емініп жатқан Күршім, Нарын, Бұқтырма, Үлбі, Қалғұты өзендері картада анық орналасса, бұлардың сандық атауы: Қалғұты (197), Бұқтырма (198), Кенгір (199), Үлбі (200), Қалжыр (200) ретімен беріліпті. Оның сыртында, Қалба тау жоталары мен осы өнірде Ертістің сағасын жанай өтетін Қызылсу – Шар және Шаған өзенінің Аңысу саласын көруге болады.

Көптеген зерттеуші екінші картада бейнеленген қаптаған кіші өзендерді таптай әуре. Бұған бірінші себеп, қазіргі Күршім, Марқақөл, Үлкен Нарын аудандары жерінде Кенес кезінде ауыл шаруашылық мақсатында тұрғызылған су қоймалары кіші өзендерді бөгеп тастаса, 1953 жылы салынған Бұқтырма су электр стансасының кесірінен Ертіс дариясы тұншығып, сұры еріксіз ойпатты аңғарларға жайылғандықтан кіші өзендер арнасы кеңейген Зайсан көлінің астында қалып қойды.

